№1 хаттамасы

Мерей ауылы **14 қаңтар 2026 жыл**

Төрағасы: О.Насимуллин
Хатшы: С. Есимова
Жиналыс мүшелерінің саны: 5 адам
Жүргізеді:
Мерей ауылдық округінің әкімі – О. Насимуллин

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Күн тәртібі:

Мерей ауылының ауылішілік көше көлік жолдарын қардан тазалау жұмысын «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберілетін болады.

(Хабарламашы – О. Насимуллин Мерей ауылдық округінің әкімі)

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 5 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық төрағасы А.Тулакбаев:**

- 2026 жылға жоспарланған жұмыстардың бірі – Мерей ауылының көше көлік жолдарын қардан тазалау жұмыстары. Мерей халқының ұсынысымен, тәжіребиесі мол жергілікті кәсіпкерлерге мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді ұсынамын.

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:
Жиналыстың шешімі:

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 5 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса, жиналыс жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **О.Насимуллин**

Жиналыс хатшысы **С. Есимова**